



FTAMP 15.41.21

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-152-3-221-236>

Ғылыми мақала

Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани адамгершілік құндылықтар негізінде жетілдіру мәселесі

А.Б. Ерментаев*¹, К.Р. Ушакбаева²

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹aian.2206@mail.ru, ²kru-1983@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани адамгершілік құндылықтар негізінде жетілдіру мәселесі қарастырылған. Авторлар рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудың бір бағыты ретінде қарастыра отырып, педагогика саласы бойынша бірқатар жетекші ғалымдардың еңбектерін саралап, ЖОО білім беру үдерісі барысында оларды қолданудың тиімділігін сөз етеді. Қазіргі таңда теориялық талдау негізінен көріп отырғанымыздай рухани-адамгершілік құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазақ ғұламаларының, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтарының ой-пікірлері мен көзқарастары ғылымда дәріптелуде. Бүгінгі таңның сұранысы қоғамда ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетінде рухани адамгершілік құндылықтарын оқыту үдерісі барысында жетілдіру қажеттілігін айқындалып отырғандығында. Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіру мәселесінің ғылыми-әдіснамалық негіздеріне талдау жасай келе М.Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесін жүргізіп, әлеуметтік педагогтарды даярлаудағы білім беру бағдарламасындағы пәндерге саралау жұмыстарын өткізген. Эмпирикалық зерттеуден алынған нәтиже бойынша терминалды құндылықтар мен инструменталды құндылықтар көрсеткішіне сәйкес 1 және 3 курс студенттері арасындағы құндылықтар арасында өзгешеліктер бар екендігі көрсетілген. Зерттеу нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасау арқылы кестелер мен сызбалар негізінде талдау жасаған. Мақала әлеуметтік педагогтарға, педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытышылары мен студенттеріне, рухани-адамгершілік құндылықтарды мәселесін зерттеуші ғалымдар үшін қызықты болады деген сенімде.

Түйін сөздер: әлеуметтік педагог, кәсіби іс-әрекет, рухани құндылықтар, адамгершілік, құндылық, терминалды құндылықтар, инструменталды құндылықтар, маман, болашақ маман

Кіріспе

Қазақстандық қоғамның бірлігі әртүрлі сатыдағы ұрпақтар үшін ортақ болып саналатын дәстүр мен рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы анықталады. Өйткені, білім беру қай кезеңде де қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің жүйелі негізі» тақырыбындағы 2021 жылдың 1 қыркүйегінде жарияланған Қазақстан халқына Жолдауының үшінші бағытында – сапалы білім беру: жалпы, еліміздің білім беру мен ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұрғандығын атап өткен еді. Болашақ мамандардың, соның ішінде әлеуметтік педагог мамандарының кәсіби іс-әрекетін рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделіп, олардың жоғары білікті маман болуы, көптілді меңгеруі, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерлігі мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне аса зор мән берілген (Тоқаев, 2021).

Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық сана, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы және тағы басқа бірқатар өзекті мәселелер қарастырылған. Н.Назарбаев «Табысты болудың ең басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек..... Құндылықтар жүйесінде білімді барлығынан да жоғары қоятын ұлт қана табысқа жетеді» – дейді (Назарбаев, 2017). Олай болса болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде жетілдіру бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі деп айтар едік. Себебі, қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңарулар болашақ әлеуметтік педагог мамандарды даярлаудың бүгіні, келешегі жайлы жаңа идеялармен сабақтаса отырып жұмыс жасауға негіз болуы керек деп ойлаймыз. Бұл ретте біз жоғарыда аталған жолдауларды негізге ала отырып болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани адамгершілік құндылықтар негізінде ЖОО оқу үдерісі барысында жетілдірудің қажеттілігі әлі де болса сұранысқа ие екендігін зерттеуді жөн көріп отырмыз. Зерттеу жұмысымыздың барысында заманауи еңбектер қатарында Н.С.Әлқожаева, С.З.Нишанбаев, Д.К.Омаров, С.Исмұратова, Т.С.Сламбекова, К.Кажимова, Г.Ж.Меңлібекова еңбектерімен қатар шетелдік ғалымдар Ю.Н.Галагузова, Н.Ф.Басовтың еңбектерін қарастырдық. Теориялық талдаулар негізінде болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани адамгершілік құндылықтар негізінде жетілдіру мәселелері таңдау пәндері барысында қарастырылатындығын тілге тиек етер едік, өйткені Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтың еңбектері педагогикалық оқыту үдерісі барысында әлі де болса құндылығын жоғалтпаған, ғасырдан ғасырға мұра болып қалатын құнды жәдігерлер екендігін естен шығрауымыз керек, әрі бұл жұмыс өз жалғасын табары сөзсіз.

Рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесі біртұтас әлеуметтік ағза іспеттес, қоғамның қажетті, әрі тұрақты өмір сүруін және дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, мұндай жүйеде рухани құндылықтар қажетті моральдық-этикалық принциптерге негізделген бірегей дәстүрмен қамтамасыз етіледі.

Рухани-адамгершілік құндылықтар – адамдардың бір-бірімен, отбасымен және қоғаммен қарым-қатынасындағы жақсылық пен жамандықтың, өтірік пен шындықтың өлшемдеріне негізделген негізгі қағидалар мен нормаларды білдіреді (Әлқожаева,

2013). Ал, бұл ретте болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде жетілдіру тақырыбы біз үшін тың, әрі зерттеуді қажет ететін мәселе деп таныдық. Жалпы әлеуметтік педагог мамандарды даярлауда қолданылатын еңбектер, жетекші ғалымдардың ой-пікірлерінің барлығының түп негізінде рухани-адамгершілік құндылықтар жатыр.

Қазіргі қоғамда адамның рухани келбетінің өзгеруі, оның көбірек материалдық байлыққа қол жеткізуге деген ұмтылысынан байқалады. Ал қазіргі қоғамындағы жоғары білім жүйесінде рухани-адамгершілік құндылықтар категориялары кәсіпкерлікті, материалдық әл-ауқатты және әлді, әрі күштілердің билігін дәріптейтін құндылықтарды алмастырумен, сол арқылы тұтынушылық идеологияны енгізеді. Негізінен біздің қоғамда тарихи дәуірлерден бері қалыптасқан ұлттық мінез-құлық қасиеттерінің, атап айтқанда: Отанға деген сүйіспеншілік, руханилық, діндарлықты және т.б. қалыптасуына әсер еткен дәстүрлер дамып келеді. Сондықтан көрнекті ғалым, ұлы педагог Қ.Д.Ушинскийдің «Ұлттың басқа халықтардан алуға болмайтын ұзақ тарихи дамуының жемісі – бұл ең алдымен рухани тәрбиесі» деген пікірі қазіргі кезде де көкейкесті болып табылады (Абульханова-Славская, 2015).

Қазақстан Республикасының білім туралы Заңы мен заңнамалық актілерінде қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес қоғамдық пайдалы қызметтің барлық негізгі бағыттары бойынша жоғары білікті кадрларды даярлауды қамтамасыз ету, тұлғаның интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік дамудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру және білімді, ғылыми-педагогикалық біліктілікті кеңейту басты мақсаттардың бірі болып табылады. Біздің қазір алға қойған мақсатымыз болашақта көрініс тауып, жастардың білім деңгейі мен сапасымен айқындалатын болады. Сонымен қатар, жастардың алған білімдер жүйесі ғана емес, сонымен қатар жас жігіттер мен қыздардың дүниетанымы, олардың құндылықтары, құндылық бағдарлары, сенімдері мен мұраттар, рухани-адамгершілік құндылықтары маңызды болып табылады.

«Бүгінгі күні мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі – төл мәдениетінің дәстүрін жетік білетін, халқының тарихын сүйетін ұрпақ – ел болашағын сеніп тапсыра алатын, бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңірген ұрпақ тәрбиелеу... Елімізде бірнеше тілді жетік меңгерген, заманауи ақпараттық технологияларды меңгерген мақсатты жас ұрпақ өсіп келеді. Халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын, туған өлке тарихының тағылымын игерген ұрпақ өнерлі, әрі өресі терең болары сөзсіз.

Көрнекті ғалымдардың философиялық, педагогикалық еңбектері де қоғамдық өмірдің негізгі бағыты рухани-адамгершілік құндылықтарын адамның бойына сіңіру мен дарытуға бағытталған. Бұл ретте, рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы адам мен Әлемнің, жеке адам мен дүниенің, білімнің, жан мен тәннің, рух пен тәннің бірлігін түсінуге жол ашады. Қазақ халқының өмірі, тарихы мен ой-өрісін білім мен ғылымда сабақтастыра отырып дәріптеуде рухани-адамгершілік құндылықтарға толы ауыз әдебиеті, халық шығармашылығы, ән мен күйде, аңыз-әңгімелерде көрініс тапқан.

Әдебиеттерге шолу

Тарихқа көз жіберсек, рухани – адамгершілік құндылықтар жөніндегі идеялар ежелгі философтар Конфуций, Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алып, орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби, Баласағұни және одан кейінгі ғұламалардың еңбектерінде

жалғасын тапқанын көреміз. Сондай-ақ, Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды ағартушылар еңбектерінің педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда алатын орны ерекше. Кез келген халықтың мәдениеті өткенін, өзінің тарихи тамырын білмейінше мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ойшылдарының ой-пікірлері, тұжырымдары, XIX ғасырдағы ағартушыларының педагогикалық мұралары бүгінгі күні де тәрбиенің алдында жалпы адамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдарланған жеке тұлғаны қалыптастыруды талап ететін міндеттер тұрғанда өзекті болып отыр.

Педагогика ғылымы классиктерінің еңбектерінде Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, П.П.Блонский, С.Т.Щацкий, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинскийдің жазбаларында халықтың рухани қазынасына барынша ұқыптылықпен қарау керектігі туралы идея нақты белгіленіп, оның шешуші тұстары халықтың дана өсиеттері болып саналатындығы көрсетілген.

Болашақ маманның кәсіби іс-әрекетке даярлығы түсінігін тұжырымдаған, сонымен қатар мазмұнын, құрылымын, негізгі өлшемдері мен оның динамикасын зерттеген салалар мен ондағы жетекші ғалымдарды атап өтетін болсақ: тұлға психологиясы (Абульханова-Славская К.А., Ананьев Б.Г., Анцыферова Л.И., Ломов Б.Ф., Рубинштейн С.Л. және т.б.), даму психологиясы (Божович Л.И., В.С.Мерлин Л.И., Обухова К.Н., Петровский А.В. және т.б.), еңбек психологиясы (Климов Е.А., Платонов К.К. және т.б.), акмеология (Бодалев А.А., Деркач А.А., Маркова А.К., Ситников А.П. және т.б.), әлеуметтік психология (Донцов А.И., Жуков Ю.М., Петровская Л.А. және т.б.), педагогика (Андреева И.Н., Сластенин В.А.) саласындағы аталмыш ғалымдардың еңбектерін айрықша атап өтіге болады (Галагузова, 2011).

Болашақ әлеуметтік педагогтың тұлғасына, кәсіби құзыреттілігіне қойылатын негізгі талаптарды қарастыруда К.В.Бакланова, В.Г.Бочарова, Ю.В.Василькова, М.А.Галагузова, О.В.Госсе, М.В.Ефимова, Т.Г.Киселёва, Г.А.Кудрявцева, Р.М.Куличенко, Л.В.Мардахаев, Г.В.Мухаметзянова, Т.В.Пушкарёва, Н.Б.Шмелёва және т.б ғалымдар да бар.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби сапаларының психологиялық-педагогикалық мәселелерін Е.М.Борисова, В.Е.Гавтрилова, А.А.Деркач, Ю.Н.Кулюткина, Н.В.Кузьмина, Е.А.Климова, А.Н. Леонтьев, А.А.Реан, О.Б.Сосновской, Н.Ф.Талызина зерттеп, аталмыш салада өз үлестерін қосқан (Makhambetova, Magauova, 2022).

Жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеудегі халық тәжірибесін шығармашылықпен сабақтастыра отырып қарастыруды Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаевтың еңбектерінде жіті зерделенген (Bulatbayeva A, 2016).

Дәстүрдегі адамгершілік тәрбиенің халық тәжірибесінде әдет-ғұрыппен, қазақ халқының салт-дәстүрімен, ауыз әдебиетімен тығыз байланысты екендігін Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ.Сейсенбаев, А.Табылдиев, Қ.Құнантаева, С.Ұзақбаева, А.Қалыбекова, Р.Төлеубекова және т.б. Қазақстанның жетекші ғалымдары жан-жақты зерттеп, рухани-адамгершілік құндылықтарының маңыздылығын өз еңбектерінде баса айтқан. Ал, қазіргі таңда білім және ғылым саласында мамандарды кәсіби даярлау мәселелерін А.Б.Бекманова, Б. Құрманалина, С. Жолдасбекова, Меңлібекова Г.Ж, Никитенкова Л.В, Хан Н.Н, Абенова Ш.Н, Есенова М.И, Мұқашева М.Б, Құлжанбекова Г.К, Сламбекова Т.С. және т.б. ғалымдар зерттеген (Омаров, 2016., Жұмабаев, 2013., Төлеубекова, 2011., Нысанбаев, 2011).

Рухани-адамгершілік құндылықтарды талдау, ең алдымен, «құндылық» ұғымының өзін теориялық түсінуден бастау керек. Құндылықтар, соның ішінде рухани-адамгершілік құндылық мәдениеттің негізгі діңгегі, оның ішінде күнделікті өмір деңгейінде талдаудың іргелі негізі болып табылады, өйткені ол күнделікті тәжірибе құндылықтар жиынтығымен анықталады. Құндылық - күнделікті өмірді толтыратын нәрсе. Макс Вебер көзқарасы бойынша құндылықтардың өзгеруі адам белсенділігінің мотивтерінің және мінез-құлығының өзгеруімен қоғамның өзгеруіне әкеледі. Рухани-адамгершілік құндылықтар философиялық және аксиологиялық талдауға жатады, өйткені олар дүниетанымның мәнді негізі болып табылады. Сондықтан «құндылық» ұғымын теориялық тұрғыдан түсіну маңызды (Нишанбаев, 2020).

Құндылық – өркениет жағдайында қалыптасқан және мәдениеттің жалпы мәнді үлгілеріне, соңғы мүмкіндіктерге адамдардың тікелей басынан өткеретін қарым-қатынасының нысанасына, оны білу әрбір адамның болашағын болжауға, бағалауға қабілеттілігін анықтайды, сонымен қатар өткенді есте сақтау мен бағалауға негізделген. Құндылықтар – адамның әлеуметтік-мәдени әрекеті үшін мүмкін болатын шектеулердің бірін белгілейді.

Құндылықтардың иерархиясы қоғамның мәдени және әлеуметтік-саяси даму деңгейіне байланысты өзгерді. Антикалық дәуірдегі құндылықтардың классикалық триаданы – «шындық», «жақсылық», «сұлулық» құрайды, әрі ол дүниемен де, адамның өзімен де үйлесімділіктің идеалды өлшеміне негізделген. Орта ғасырларда рухани құндылықтар діни моральмен байланысты болды, ол адамнан Құдайға күмәнсіз сенуді, діни догмаға бағынуды және діни нормаларды сақтауды талап етіп, тынымсыз еңбек ету қажеттілігін растады. Қайта өрлеу дәуірінде бірқатар құндылықтар антропоцентристік сипатқа ие болып, адамды жалпы қабылданған жүйенің орталығына қойды. Сонымен бірге адамдық тұлғаның бірегейлігі мен қадір-қасиетін ашу арқылы гуманизм бекітіледі. Қазіргі заман ғылымның дамуымен байланысты «рационализм» мен «прогресс» құндылықтарымен байланысты болып келеді (Нишанбаев, 2020).

Кейіннен құндылықтар иерархиясының қалыптасуы әлеуметтік-саяси тәртіп құндылықтарының – теңдік, жеке бостандық, әділдік идеалдарының қосылуымен сипатталды.

Жеке тұлғаның құндылық тәжірибесі әлеуметтік-психологиялық сипатта болады. Бұл, ең алдымен, өмірлік емес, әлеуметтік-мәдени қажеттіліктермен анықталатын субъектінің рухани тәжірибесі. Осыған байланысты, М.С.Каган «құндылық тәжірибесі жеке адамға ғана емес, ұжымдық қызмет субъектісіне де қол жетімді болуы мүмкін, осылайша субъектаралық табиғатты көрсетеді дей келе: «Барлық жалпы адамзаттық құндылықтар эмоцияларға негізделген. Егер біз оларға немқұрайлы қарасақ, олар құндылық болмас еді, өйткені бір нәрсені бағалау үшін оған эмоционалды түрде қатынас жасау керек, мәселен – сүйу, қуану, қызығу немесе мақтану»- дейді. Сонымен, құндылықты қабылдауды «эмоционалды құндылықты қабылдау» деп атауға болады. Ал, эмоциялар құндылықты білдірудің адекватты формасы болғандықтан, олардың өздері де құндылықтар ретінде әрекет етуге қабілетті (Menlibekova G, 2020)

Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай «адамгершілік тәрбиесінің мақсаты, адамның бойында жоғары адамгершілік пен руханиятты белсенді орнатуға деген ішкі қажеттілікті қалыптастыру». Адамның рухани өрлеуінің берік негізі – «ар». Сондықтан білім беру, «ар ғылымын» оқыту – этика, өзін-өзі тәрбиелеу – жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі факторлары болып табылады. Жоғарыда Шәкәрім еңбектерін талдай келе, біз

рухани-адамгершілік тәрбиесінің жолдары ретінде жоғары білім беруде ең маңыздысы – «асыл мақсат», «адал еңбек», «игі істер» болып табылады дей аламыз.

«Рухани-адамгершілік тәрбие», «рухани-адамгершілік құндылықтар» ұғымдарын Міржақып Дулатов шығармаларынан да байқауға болады. М.Дулатов – қазақтың белгілі қоғам қайраткері, тарихшы, философ, жазушы, ақын, публицист, аудармашы, ұстаз, Алаш-Орда үкіметінің мүшесі. Ол бүкіл саналы ғұмырын туған халқының бостандығы үшін күреске арнаған. Саяси оқиғалар мен қазақ саяси құрылымдарының пайда болуы аясында «Мир-Якуб Дулатовтың» өлеңдері жасалып, кейіннен 1909 жылы «Оян, қазақ!» жинағын құрастырды.

Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық аңыз» және «Маса» жинақтарындағы төл өлеңдері негізінен мәдениет, ғылым, білім, прогресс мәселелеріне арналған. Ал, «Қазақтың күйі», «Қазақтың салт-дәстүрі», «Мәдениеті» атты өлеңдерінде автор қоршаған өмірдің құбылыстары мен оқиғаларына көз жүгірте отырып, олардың әрекетсіздігі, салғырттығы, баяулығы, надандығы, озбырлығы сияқты көптеген келеңсіз құбылыстарды нақты баяндайды. Ахметтің рухани мұраларында қазақ халқының мұң-мұқтажын, арман-тілегін, жарқын болашақты аңсаған арман-мақсатын айтып, бюрократизмнің екіжүзділігін әшкерелеп, білім мен мәдениетті меңгеруге шақырды. «Қырық аңыз» (1909), «Маса» (1911) шығармаларында бос жүріс, жалқаулық, босқаулық, надандық сияқты адам бойындағы келеңсіздіктер мен кемшіліктер мазақ етіледі, аталмыш рухани мұраның астында қаншама астар жатқандығын аңғаруға болады.

Сонымен, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеуде Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлының бостандық, ар-ұждан, ізгілік, адалдық, достық, ынтымақтық, еңбекқорлық, ақыл, имандылық, руханилық, махаббат, тектілік, жауапкершілік, сұлулық, имандылық сияқты адамгершілік ұғымдарды қарастырған және жоғарыда аталған еңбектері болашақ әлеуметтік педагогтардың рухани-адамгершілік құндылықтарын жетілдіруде маңызы зор.

Жоғарыда аталған еңбектерді зерделей келе, біз әлеуметтік педагог кәсіби іс-әрекеті барысында рухани-адамгершілік құндылықтарды ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан еңбектерді бойын сіңіруі арқылы ата-ана мен бала, бала мен мектеп, қоғамдық орта арасындағы негізгі байланыс орнатушы тұлға деп атай аламыз. Жалпы алғанда әлеуметтік педагог қызметіндегі негізгі бағыт – тұлғаның өзін-өзі дамытуға ықпал етуі. Әлеуметтік педагог өзінің күш-жігерін баланың шығармашылық потенциалын, қабілеттерін, бейімділіктерін белсендіруге, дамытуға және жүзеге асыруға, рухани дамуы мен бала бойында адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына жағдай жасауға бағыттайтын маман болып табылады (Ismuratova, Slambekova, Kazhimova, Alimbekova, Karimova, 2018).

Әлеуметтік педагогтың басты міндеті – балаға қолдау көрсету, оның күшіне, мүмкіндіктеріне деген сенімін ояту (Басов, 2016). Әлеуметтік педагог шығармашылық үдеріске, әлеуметтік бастамаларға балалар мен ересектерді тартып, жан-жақты бірлескен әлеуметтік маңызды әрекеттерді жүзеге асыруға ықпал етеді, ол баланың қызығушылықтары мен табиғи қасиеттеріне, оның қарым-қатынасқа, зерттеу жүргізуге деген қажеттіліктеріне сәйкес келетін әрекеттерді ұйымдастыруға ұмтылады. Балалармен және ересектермен бірге болу, оларға қажет болған кезде қолдау көрсету – бұл әлеуметтік педагогтың негізгі ұстанымы. Сонымен қатар әлеуметтік педагог қызметінде білімалушылар мен ересектердің әлеуметтік құнды іс-әрекеттерін

ынталандыру және дамыту, әлеуметтік бастамаларды, іс-шараларды, әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды қолдау маңызды орын алады. Сол себепті де болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру мен дамытуда ЖОО білім басты, әрі маңызды рөл атқарады. Болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетін жетілдіруде маңызды орын алатын құндылықтар: адалдық, мейірімділік, сабырлылық, қайырымдылық, төзімділік, әділеттілік, жауапкершілік, өзгеге қызмет етуге дайын болу, аталмыш құндылықтар М.Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесінде де негізге алынған. Болашақ маманның қоғам сұранысына ие болуы, білікті маман болып қалыптасуы ЖОО білімге, меңгерілетін пәндерге, осы ретте рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде олардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіру маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру барасындағы терминалды және инструменталды құндылықтарды анықтау мақсатында біз М.Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесін және әлеуметтік педагогтарды даярлаудағы білім беру бағдарламасындағы пәндерді саралау жұмыстарын жүргіздік (Рокич, 2025).

М.Рокичтің зерттеулерінде құндылықтардың екі тобын ажыратып көрсетеді:

Терминал (латын тілінен *terminalis* – аяқталуға қатысты, түпкілікті дегенді білдіреді) *құндылықтар* (алыс, түпкілікті, мақсатты) жалпы алғанда адам өмірінің ең маңызды мақсаттарын, мұраттарын, ішкі мәнін білдіреді. Мысалы, адам өмірінің құндылығы, отбасы, адамдар арасындағы қарым-қатынас, еркіндік және тағы сол сияқтылар. Барлық қалғандары, соның ішінде әлеуметтік-мәдени құндылықтар, инструменталды құндылықтарды құрайды. Инструменталды құндылықтар белгілі бір мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін нормаларды, құралдарды қамтиды, мәселен тәуелсіздік, бастамашылық, бедел және т.б. Инструменталды құндылықтар терминалдық құндылықтарға қатысты құрал ретінде қызмет етеді.

Көбінесе инструменталды деп саналатын құндылықтар (өмір сүру үшін тамақ ішуіміз) терминалды құндылық ретінде қарастырылса, ал терминалдық деп бағаланатын нәрсе (махаббат, шындық, жақсылық, өзін-өзі көрсету) *инструменталды құндылыққа* айналады. Бұдан басқа, аксиология тұрғысынан алғанда құндылық қажеттіліктердің келесі түрлерін атап өтуге болады:

1) өмірлік қажеттіліктер өмірді қамтамасыз ету қызметімен байланысты құндылықтар. Өмірлік қажеттіліктер денсаулық және өзін-өзі сақтау құндылығымен қамтамасыз етіледі.

2) интеракционистік, яғни қарым-қатынас және басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттіліктері, әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас құндылықтарымен, белсенділікпен, жеке қасиеттермен байланысты құндылықтар.

3) белгілі бір қауымдастық бекіткен құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін ассимиляциялау үшін әлеуметтену қажеттіліктері құндылықтарды сәйкестендіру және өзін-өзі бекітудің әлеуметтік қызметтерімен, әлеуметтік таптық құндылықтармен, сондай-ақ мәдени құндылықтармен байланыстылығы.


4) өмірдің мәні – адамның бүкіл өмірі үшін маңызы бар жалпы мағынаға ие, сондай-ақ өзіндік құнды іс-әрекеті немесе шығармашылық әрекетіне жататын құндылықтарға, жалпы адамзаттық құндылықтарға деген жоғары қажеттіліктерін білдіретін құндылықтар.

Зерттеу жұмысының мақсаты – болашақ әлеуметтік педагогтардың құндылық бағдарларын және білім беру бағдарламасының құндылығын анықтау болып табылды. Зерттеу жұмысына Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1, 3 курс студенттері қатыстырылды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу жұмысы барысында болашақ әлеуметтік педагогтардың құндылық бағдарлары М.Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесі арқылы анықталды (Рокич, 2025). Зерттеу жұмысына «Әлеуметтік педагогика» мамандығының 1 курсынан – 38 студент, 3 курсынан 42 студент қатыстырылды. Респонденттер назарына 18 терминалды және 18 инструменталды құндылықтар тізімінен құрылған әдістеме ұсынылды. Респонденттер әр құндылыққа белгі бір ранг беру арқылы өздері үшін құнды болып табылатын құндылықтарды бірінші ретке, қалғандарын маңыздылығына қарай 2,3,4 және т.с.с. ретте белгілеуі ұсынылды. Алынған нәтижелер әдістemenің кілтіне сәйкес сарапқа салынды. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің басты жаңалығы – ұлттық, кәсіби-контекстік ерекшеліктер, оның ішінді біз ЕҰУ студенттерін, әлеуметтік педагогтарды алдық, сонымен қатар 1 және 3 курс студенттері арасындағы құндылықтардың айырмашылықтарын қарастырдық. Зерттеу нәтижелеріне сандық және сапалық *Excel* жүйесі арқылы талдау жасалды, алынған нәтижелер төмендегідей болды, Сурет 1:

М.Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесі бойынша
1,3 курс студенттерінің терминалды құндылықтары



x осі терминалды құндылықтар

y осі 1,3 курс студенттерінің терминалды құндылықтарының орташа мәні

Сурет 1. М.Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесі бойынша 1,3 курс студенттерінің терминалды құндылықтары


Зерттеу барысында х және у осінің мәндер арасындағы терминалды және инструменталды құндылықтарды қарастыруда біз құндылықтардың иерархиясын талдай отырып, әртүрлі себептермен олардың субъектілері бойынша мағыналы блоктарға топтастыра отырып, әр топтың топтың нәтижесін жеке-жеке қарастыра отырып, өзара салыстырмалы нәтижелерін негізге алдық.

Зерттеу нәтижесіне сәйкес жоғарыда сурет 1-ден көріп отырғанымыздай, 1 курс студенттерінің терминалды құндылықтары арасынан маңызды құндылықтар қатарына: білім-(15,1), шығармашылық (14,2), сенімді достар (14,1), еркіндік (13,3), өз-өзіне деген сенімділік (12,3) бар екендігі анықталды. Ал, маңыздылығы жағынан төмен терминалды құндылықтар қатарына отбасылық бақытты өмір (3,5), өмірлік даналық (5,7) орын алды, бұл ретте студенттерге қосымша сауал қою арқылы, бұлардың мәнділігінің төмен болуы, біз әлі отбасылы емеспіз десе, кейбіреулері біздің өмірлік тәжірибеміз аз, ешкімге ақыл кеңес айтуға әлі дайын еместігін алға тартты.

Ал, 3 курс студенттерінің терминалды құндылықтары бойынша маңызды құндылықтар қатарына: білім-(15,7), өз-өзіне деген сенімділік (15,5), қызықты жұмыс (15,2), сенімді достар және еркіндік, шығармашылық (15,1), белсенді өмір салты (14,5), өнімді өмір (13,5), махаббат (13,2), денсаулық (12,3) бар екендігі анықталды. Ал, маңыздылығы жағынан төмен терминалды құндылықтар қатарына материалдық тұрғыдағы тәуелсіздік (9,2), өмірлік даналық (9,7) орын алды. Бұл ретте де бірінші топ зерттелушілеріне қойылғандай 3 курс студенттеріне де қосымша сауал қою арқылы, бұлардың мәнділігінің төмен болуы неде екендігі анықталды. Студенттердің жауаптарына келетін болсақ: біз әлі аяқтанбағанбыз, материалдық жағдайымызды ата-анамыз қамтамасыз етіп келеді, алатын шәкірт ақы ол да жеткіліксіз десе, енді бірі өмірдің есігін жаңа ашқан, әлі де болса көп тәжірибені қажет ететін тұлғамыз, сол себепті де өмірлік даналық көрсеткіші төмен болуында деп өз пікірлерімен бөлісті.

Келесі ретте біз 1,3 курс студенттерінің инструменталды құндылықтарының орташа мәнін анықтадық, алынған нәтижелер төмендегідей болды:

М.Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесі бойынша
1,3 курс студенттерінің инструменталды құндылықтары



х осі инструменталды құндылықтар

у осі 1,3 курс студенттерінің Инструменталды құндылықтарының орташа мәні

Сурет 2. М. Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесі бойынша 1,3 курс студенттерінің инструменталды құндылықтарының нәтижесі

Жоғарыда 2-ші суреттен көріп отырғанымыздай, респонденттер арасында инструменталды құндылықтардың нәтижелері анықталды. Мәселен, 1 курс студенттері үшін инструменталды құндылықтардың орташа мәніне сәйкес жоғары болып табылған: білімді болу (14,2), рационализм (14), шыдамдылық (13,3), көзқарастың жан-жақтылығы (13,1), істің нәтижелі болуы (12,3). Сонымен қатар инструменталды құндылықтардың мәнінің төмен болуына сай: кемшіліктерге төзбеушілік (7,3), жоғары дәрежедегі сұраныстар (7,2), батылдылық (6,5), адалдық (5,5) шәкілдері анықталды.

Ал, 3 курс студенттері үшін үшін инструменталды құндылықтардың орташа мәніне сәйкес жоғары болып табылған: білімді болу және рационализм (15,7), істің нәтижелі болуы (15,5), көзқарастың жан-жақтылығы (15,2), өмірдегі қуаныш және шыдамдылық (15,1), орындаушылық (14,1). Құндылығы жағынан төмен болып табылғандар қатарында: ерік-жігер мен адалдық (9,1), кемшіліктерге төзбеушілік (7,2).

Екі зерттеу топтары арасында жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесіне сәйкес терминалды және инструменталды құндылықтар арасында айырмашылықтар бар екендігі анықталды. Мәселен 1 курс студенттері үшін білім, шығармашылық, сенімді достар, рационализм, шыдамдылық мәнді болып табылса, 3 курс студенттері үшін өз-өзіне сенімділік, достар, қызықты жұмыс, белсенді өмір салты, істің нәтижелі болуы, көзқарастың жан-жақтылығы құнды болып табылатындығы анықталды. Жалпы бұндай айырмашылықтардың болуына 1 курс ЖОО жаңадан келген білімге құштар жас студенттер десек, 3 курс азды-көпті білімі мен нақты мамандығына сай тәжірибесі мен білімі бар студенттердің болуы да өзінің септігін тигізді. Ал, терминалды және инструменталды құндылықтардың қалыптасуына отбасы, орта, білім алу ордасы да әсер ететіні хақ.

ЖОО болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін жетілдіру барысында 1,3 курс студенттерінің осы курс аралығында меңгерген пәндерін алып қарастыратын болсақ: «мамандыққа кіріспе», «әлеуметтік педагогика тарихы», «әлеуметтік педагогика», «әлеуметтік педагогикалық диагностика», «әлеуметтік педагогикалық жұмыстың технологиясы», «әлеуметтік-педагогикалық жобалау», «әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттегі стресс менеджменті» және т.с.с. Аталмыш пәндердің құндылығы студенттердің кәсіби білімін шыңдау мен қалыптастыру барысында оқытылатындығы, әрі әр пән аясында әлеуметтік педагог маманына қажетті құндылықтар қалыптастырылуы көзделгендігінде. Жоғарыда аталған пәндер аясында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани адамгершілік құндылықтар негізінде жетілдіру барысында Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, П.П.Блонский, С.Т.Щацкий, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинскийдің жазбаларымен қатар, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ.Сейсенбаев, А.Табылдиев, Қ.Құнантаева, С.Ұзақбаева, А.Қалыбекова, Р.Төлеубекова, А.Б.Бекманова, Б. Құрманалина, С. Жолдасбекова, Меңлібекова Г.Ж, Никитенкова Л.В, Хан Н.Н, Абенова Ш.Н, Есенова М.И, Мұқашева М.Б, Құлжанбекова Г.К, және т.б. ғалымдар еңбектері жан-жақты қарастырылып, болашақ маманның қалыптасуына арқау болады.

Әр ғалымның еңбегі болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани адамгершілік құндылықтар негізінде жетілдіруде құнды екендігі сөзсіз. Осы ретте біз болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетті рухани-адамгершілік негізінде жетілдіру механизмдерін атап өтетін болсақ:

1. Білім беру үдерісінде рухани тәрбие элементтерін енгізу: Пән мазмұнына рухани-адамгершілік мазмұндағы тақырыптарды кіріктіру. Қазақтың ұлттық құндылықтарын, дәстүрлерін, мақал-мәтелдерін, тарихи тұлғалардың өнегелі істерін пайдалану. Құқық, этика, педагогика пәндерінде тұлғалық даму мен рухани мәдениеттің байланысын көрсету.

2. Практикалық дайындық барысында құндылықтарға негізделген жобалар ұйымдастыру: студенттерге нақты әлеуметтік жобаларда жұмыс істеуге мүмкіндік беру (мысалы, мүмкіндігі шектеулі балалармен, ата-анасынан айрылған балалармен, қарттармен). Эмпатия, жанашырлық, әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын дамытуға бағытталған волонтерлік жұмыстарға тарту.

3. Жеке мысал арқылы тәрбиелеу (модельдеу): Оқытушылардың өзі рухани-адамгершілік құндылықтарды ұстануы және үлгі болуы. Ұжымдағы этикалық ахуалды қалыптастыру, студенттермен сенімді қарым-қатынас орнату.

4. Рефлексия және өзін-өзі тану әдістері: Студенттерді өзін-өзі тануға, ішкі жан-дүниесін зерттеуге бағыттау (эссе, күнделік жүргізу, тренингтер). «Педагогика», «Әлеуметтік педагогика» пәні арқылы адамның ішкі әлемін түсіну, рухани дамуын қамтамасыз ету.

5. Интерактивті және тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану: Кейстер, пікірталастар, рөлдік ойындар арқылы моральдық-этикалық мәселелерді талдау. Жағдаяттық сұрақтар арқылы кәсіби-адамгершілік тұрғыда шешім қабылдау дағдысын қалыптастыруды ұсынамыз.

Қорытынды

Қазақстандық қоғамның бірлігі әртүрлі сатыдағы ұрпақтар үшін ортақ болып саналатын рухани-адамгершілік құндылықтар мен дәстүр арқылы анықталады. Болашақ әлеуметтік педагог мамандарының кәсіби іс-әрекетін рухани адамгершілік құндылықтарына негізделіп, олардың жоғары білікті маман болуы, көптілді меңгеруі, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерлігі мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне біз зор мән беруіміз қажет. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту барысында әр пән негізінде бойына сіңіруді көздеуі қажет, оқу үдерісі барысында рухани-адамгершілік құндылықтарды жетілдіруге негізделген құнды еңбектерді әр пәннің силлабусы, ОӘК нақты көрсету, студенттермен өткізілетін түрлі кураторлық сағаттарда да қарастыруды қолға алуды ұсынамыз. Эксперименттік зерттеу нәтижесіне сәйкес 1 курс студенттері үшін білім, шығармашылық, сенімді достар, рационализм, шыдамдылық мәнді болып табылса, 3 курс студенттері үшін өз-өзіне сенімділік, достар, қызықты жұмыс, белсенді өмір салты, істің нәтижелі болуы, көзқарастың жан-жақтылығы құнды болып табылатындығы анықталды. Жалпы алғанда екі топ арасындағы айырмашылықтың бар екендігін негізге ала отырып, әлеуметтік педагогтарды ЖОО жағдайы барысында оқытуда екі зерттеу тобының рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына негізделген жұмыс бағыттарын жандандыруды қажет деп ойлаймыз. Мұндағы білім беру қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болмақ, ал әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани адамгершілік құндылықтар негізінде жетілдіруде әлі де болса зерттеуді қажет ететін өзекті сұрақтардың бірі болып қала бермек.

Алғыс айту

Зерттеу жұмысына қатыстан әрбір респондентке шынайы жауаптару үшін алғыс айтамыз.

Авторлардың қосқан үлесі

Ерментаев А.Б. – болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін зерттеуге қатысты әдіснамалық талдаулар жасап, зерттеу тұжырымдамасын негіздеді.

Ушакбаева К.Р. – болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани адамгершілік құндылықтар негізінде жетілдіру мәселесіне қатысты эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Әдебиеттер тізімі

Абульханова-Славская К.А. (2015) Деятельность и психология личности. М.: Наука.

Әлқожаева Н.С. (2013) Қазіргі кездегі білім беру парадигмалары контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: монография. Алматы: Қазақ университеті.

Басов Н.Ф. (2016) Социальный педагог: Введение в профессию: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений /Н.Ф. Басов, В.М. Басова, А.Н. Кравченко. – М.: Издательский центр Академия. 359с.

Галагузова Ю.Н.(2011) Теория и практика системной профессиональной подготовки социальных педагогов: дис. д-ра пед. наук: 13.00.08. –Москва.

Жұмабаев М. (2013) Педагогика. Алматы: Рауан.

Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы (1998) /Құр. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Алматы: Рауан. Т.2.

Назарбаев Н.Ә. (2017) «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. Қолжетімді: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 6 мамыр)

Нишанбаев С.З.(2020) Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіснамалық аппараты. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3(67), 49-60б. <https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-5496.06>

Нысанбаев Ә.Н. (2011) Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі – Мир ценностей независимого Казахстана. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты.

Омаров Д. К. (2016) Болашақ педагогтардың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда мұражай материалдарын пайдалану. дис. ... филос. док. (PhD). – Қызылорда.

Рокич М. (2025) «Құндылық бағдарлар» әдістемесі Қолжетімді: <https://dip-psi.ru/psikhologicheskiye-testy/post/metodika-m-rokicha-tsennostnyye-orientatsii> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 5 мамыр)

Тоқаев Қ-Ж (2021) «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің жүйелі негізі» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдау, 1 қыркүйек. Қолжетімді: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 10 мамыр)

Төлеубекова Р.К. (2011) Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. Алматы.

Bulatbayeva A, Mynbayeva A, Taubayeva S, Madaliyeva Z. (2016) Experience of designing of educational training programs of social pedagogues: Comparative analysis Social Sciences (Pakistan), 11(16), 3927–3935p. <http://dx.doi.org/10.3923/sscience.2016.3927.3935> <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57103776100>

Ismuratova S.I., Slambekova T.S., Kazhimova K.R., Alimbekova A.A., Karimova R.E. (2018) Model of forming future specialists' research competence Modelo de formación de la competencia de investigación en futuros especialistas. Espacios, 39(35). Қолжетімді: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189995518> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 5 мамыр)

Makhambetova Z.T., Magauova A.S. (2022) Pre-Service Social Educators' Professional Competences: An Inclusive Education Context. Education and Self Development , 17(2), 129–143 p. <http://dx.doi.org/10.26907/esd.17.2.12> <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57803442900>

Menlibekova G., Zhumankulova E., Kurmankulov A., Balazhanova K. (2020) The Model of the Formation of Professional Training of Future Social Pedagogy Teachers in the Conditions of the University. Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment., 8(3), 567–572p. <https://doi.org/10.6000/2292-2598.2020.08.03.34> <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56106379200>

А.Б. Ерментаев*¹, К.Р. Ушакбаева²

^{1,2}*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан*

Проблема совершенствования профессиональной деятельности будущих социальных педагогов на основе духовно-нравственных ценностей

Аннотация. В статье рассматривается проблема совершенствования профессиональной деятельности будущих социальных педагогов на основе духовно-нравственных ценностей. Авторы рассматривают эффективность их использования в образовательном процессе вуза, рассматривая это как одно из направлений формирования профессиональной деятельности будущих социальных педагогов на основе духовно-нравственных ценностей. В настоящее время, как мы увидели, теоретический анализ в основном базируется на идеях и взглядах казахстанских ученых, общественных деятелей, педагогов о сущности и воспитательном значении духовно-нравственных ценностей. Современное требование обращения общества к добру и духовности, в процессе обучения подчеркивается необходимость совершенствования духовно-нравственных ценностей в профессиональной деятельности будущих социальных педагогов. Анализируя научно-методологические основы проблемы совершенствования профессиональной деятельности будущих социальных педагогов, авторы провели методику М. Рокича «Ценностные ориентации» а так же анализ дифференциации предметов в образовательной программе подготовки социальных педагогов. По результатам эмпирического исследования показано, что между ценностями студентов 1 и 3 курсов существуют различия по индексу терминальных ценностей и инструментальных ценностей. Полагаем, что статья будет интересна социальным педагогам, преподавателям и студентам педагогических вузов, ученым, изучающим проблему духовно-нравственных ценностей.

Ключевые слова: социальный педагог, профессиональная деятельность, духовные ценности, ценности, терминальные ценности, инструментальные ценности, специалист, будущий специалист.

A.B. Yermentayev*¹, K.R. Ushakbaeva²

^{1,2}Eurasian National University named after L.N. Gumilyova, Astana, Kazakhstan

The problem of improving the professional activities of future social pedagogues on the basis of spiritual and moral values

Abstract. The article deals with the problem of improving the professional activities of future social pedagogues on the basis of spiritual and moral values. The authors consider the effectiveness of their use in the educational process of higher education institutions, considering it as one direction of formation of professional activities of future social pedagogues on the basis of spiritual and moral values. Currently, as we have seen, the theoretical analysis is mainly based on the views and opinions of Kazakh scholars, public figures and educators on the essence and educational significance of spiritual and moral values. The current demand is that society should turn to goodness and spirituality, and the need to improve spiritual and moral values in the professional activities of future social educators is being identified in the process of teaching. Analyzing the scientific-methodological foundations of the problem of improving the professional activities of future social pedagogues, he carried out M. Rokich's "Value orientations" methodology and carried out work on the differentiation of subjects in the educational program for the training of social pedagogues. According to the results obtained from the empirical research, it is shown that there are differences between the values between the 1st and 3rd year students according to the terminal values and instrumental values index. We believe that the article will be interesting for social pedagogues, teachers and students of pedagogical higher education institutions, and scientists studying the problem of spiritual and moral values.

Keywords: social teacher, professional activity, spiritual values, morality, value, terminal values, instrumental values, specialist, future specialist

References

- Abul'hanova-Slavskaya K.A. (2015) Deyatel'nost' i psihologiya lichnosti. [Activity and psychology of personality]. M.: Nauka. (in Russian)
- Əlqozhaeva N.C. (2013) Qazigi kezdergi bilim bepy papadigmalapy kontekcinde tulganyn ruxani duniecin qalyptactypdyn rylymi-pedagogikalyq negizdepi: monogpafiya. Almaty: Qazaq yniuepciteti. (in Kazakh)
- Basov N.F. (2016) Social'nyj pedagog: Vvedenie v professiyu: ucheb. posobie dlya stud. vyssh. ucheb. zavedenij [Social educator: Introduction to the profession: teaching aid for students of higher educational institutions]. /N.F. Basov, V.M. Basova, A.N. Kravchenko. – M.: Izdatel'skij centr Akademiya. 359c. (in Russian)
- Galaguzova YU.N.(2011) Teoriya i praktika sistemnoj professional'noj podgotovki social'nyh pedagogov: dis. d-ra ped. nauk: 13.00.08. –Mockva. (in Russian)
- ZHumabaev M. (2013) Pedagogika. Almaty: Rauan. (in Kazakh)
- Qazaqtyn tәlimdik oj-pikir antologiyasy (1998) /Qyr. ZHarykbaev K.B., Kaliev S. Almaty: Rauan. T.2. (in Kazakh)
- Nazarbaev N.Ə. (2017) «Bolashaqqa bagdar: ruhani zhangyru» bagdarlamasy. Qolzhetimdi:https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashaqqa-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-maqalasy (qol zhetkizilgen kyini: 2025 zhylry 6 mamyr) (in Kazakh)

Nishanbaev S.Z. (2020) Studentterdin otbasy-adamgershilik qundylyqtaryn qalyptastyrudyn әdisnamalyk apparaty. Abaj atyndagu QazYPU-k HABARSHYSY «Pedagogika gylymdary» seriyasy, №3(67), 49-60b. <https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-5496.06> (in Kazakh)

Nysanbaev Ә.N. (2011) Тәуелсіз Қазақстанның кұндылықтар әлемі – Мір cennostej nezavisimogo Qazahstan. Almaty: KR BFM FK Filosofiya zhәne sayasattanu instituty. (in Kazakh)

Omarov D. K. (2016) Bolashaq pedagogtardyn ruhani-adamgershilik мәdenietin qalyptastyruda mu-razhaj materialdaryn pajdalanu. dis. ... filos. dok. (PhD). - Kyzylorda. (in Kazakh)

Rokich M. (2025) «Kundylyk bagdarlar» әdistemesi Qolzhetimdi: <https://dip-psi.ru/psikhologicheskiye-testy/post/metodika-m-rokicha-tsennostnyye-oriyentatsii> (қол zhetkizilgen kыni: 2025 zhylғы 5 mamyr) (in Russian)

Toqaev Q-ZH (2021) «Halyq birligi zhәne zhyjeli reformalar – el әrkendeuinin zhyjeli negizi» taqy-rybyndagy Qazaqstan halqyna ZHoldau, 1 qyrkyjek. qolzhetimdi: <https://aqorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (qol zhetkizilgen kыni: 2025 zhylғы 10 mamyr)

Toleubekova R.K. (2011) Qogam damuynyn zhana kezenindegi adamgershilik tәrbiesinin teoriyalyq-әdisnamalyq negizi. Almaty. (in Kazakh)

Bulatbayeva A, Mynbayeva A, Taubayeva S, Madaliyeva Z. (2016) Experience of designing of educa-tional training programs of social pedagogues: Comparative analysis Social Sciences (Pakistan), 11(16), 3927–3935p. <http://dx.doi.org/10.3923/sscience.2016.3927.3935> <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57103776100>

Ismuratova S.I., Slambekova T.S., Kazhimova K.R., Alimbekova A.A., Karimova R.E. (2018) Model of forming future specialists' research competence Modelo de formación de la competencia de investigación en futuros especialistas. Espacios, 39(35). Qolzhetimdi: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189995518> (қол zhetkizilgen kыni: 2025 zhylғы 5 mamyr)

Makhambetova Z.T., Magauova A.S. (2022) Pre-Service Social Educators' Professional Competences: An Inclusive Education Context. Education and Self Development , 17(2), 129–143 p. <http://dx.doi.org/10.26907/esd.17.2.12>. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57803442900>

Menlibekova G., Zhumankulova E., Kurmankulov A., Balazhanova K. (2020) The Model of the Formation of Professional Training of Future Social Pedagogy Teachers in the Conditions of the University. Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment., 8(3), 567–572p. <https://doi.org/10.6000/2292-2598.2020.08.03.34><https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56106379200>

Авторлар туралы мәліметтер:

Ерментаев А.Б. – хат хабар авторы, «Білім жоғары мектебі», «Әлеуметтік педагогика» маман-дығының 2 курс доктаранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаева 2, 010000, Астана, Қазақстан

Ушакбаева К.Р. – «Білім жоғары мектебі», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» маман-дығының 3 курс доктаранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаева 2, 010000, Астана, Қазақстан

Сведения об авторах:

Ерментаев А.Б. – автор для корреспонденции, докторант 2 курса специальности Социальная педагогика, «Высшая школа образования» Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, ул. Сатпаева 2, 010000, Астана, Казахстан

Ушакбаева К.Р. – докторант 3 курса специальности «Социальная педагогика и самопознание» «Высшая школа образования» Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, ул. Сатпаева 2, 010000, Астана, Казахстан

Information about the authors:

Yermentayev A.B. – corresponding author, doctoral student of "Social Pedagogy" specialty "Graduate School of Education", L.N. Gumilyov Eurasian National University, st. Satpayeva 2, 010000, Astana, Kazakhstan

Ushakbaeva K.R. – doctoral student of "Social Pedagogy and self-knowledge" specialty "Graduate School of Education", L.N. Gumilyov Eurasian National University, st. Satpayeva 2, 010000, Astana, Kazakhstan